

ШЕТЕЛ ТІЛІНЕ ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕЖЕКЕ ТҰЛҒАҒА БАҒЫТТАЛҒАН ӘДІСТІҢ ЖҮЗЕГЕ АСУЫ

Бикенова Г.С.,

Костанай мемлекеттік педагогикалық институты, Қазақстан

Қазіргі кезде көп айтылып жүрген жеке тұлғаға бағытталған әдіс елімізде соңғы жылдары болған қоғамдық-саяси, экономикалық, әлеуметтік қайта құрулардың арқасында мүмкін болды. Ақпаратты қоғамға өту жеке тұлғаның толық дамуын талап етті. Білім беру саласында жеке тұлғаның коммуникативтік мәдениетін, тұлғааралық қарым-қатынасын қалыптастыру маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Қазіргі қоғамның қарқынды дамуы әлеуметтік, экономикалық құндылықтарды, оның ішінде қарым-қатынас және адам мәдениетінің деңгейін түбегейлі жетілдіруді керек етіп отыр. Қазіргі уақытта білім беру жүйесінде білім беруді дамыту, дүниежүзілік білім беру кеңістігіне кіру Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында «бізге экономикалық қоғамдық жаңару қажеттіліктеріне сай келетін осы заманғы білім беру жүйесі қажет» делінген. Білім беру жүйесінде осыған дейін оқушыға білім, білік, дағдыны қалыптастыру талап етілді, бірақ мұғалімдер көбіне білімді дайын күйінде берді. Оқушылар мұғалім берген білімді есте сақтаумен ғана шектелді, сөйтіп есте сақтау жоғары бағаланды.

Осыған байланысты оқушының жеке басы төмендетіліді, оқушы еркін және өз бетімен жұмыс жасау қажеттілігінен айрылады, ал бұл мұғалімге тәуелді болуға, пассив болуға әкеліп соқтырады. Мектеп оқушылардың қабілетіне, олардың өз бетімен ойлауына, интеллектуальді дамыған, шығармашылық тұлға ретінде дамуына сенбеді, оларды дамытқаннан гөрі, дайын күйіндегі білімді беруді таңдады. Бұрынғы барлық теориялар технократиялық педагогикалық мәдениеттің жарқын көрінісі: адамға объект ретінде қарау, жеке басын жеткілікті ескермеу, жеке тұлғаға бағыттап оқытпау, тәрбиенің гуманды емес сипаты, яғни жабық қоғам, жабық білім беру. Мұғалімнің білім берудегі іс әрекетінің методологиясы білімнің мәні мен құндылығына мән бермейді. Ол дайын күйінде білім мен тәрбие беруге бағытталған. Білімдегі бұл компонент қазіргі жағдайда жеткілікті және тиімді емес, ол мұғалімнің педагогикалық мәдениетін төмендетеді, бүгінгі күннің мақсаты – іскерлік қарым-қатынас, оларды өз бетімен білім алуға бағыттау. Қазіргі таңдағы өзгерістер қоғамның шығармашыл әрекет пен шығармашыл тұлғаға мұқтаж екенін күнделікті өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Сондай басым бағыттардың бірі - жеке тұлғаға бағытталған білім беру.

Жеке тұлғаға бағытталған білім беру дегеніміз педагогикалық іс әрекеттің жаңа бағыты, яғни бала қайталанбас дара тұлға, ол жеке тұлға ретінде өзін - өзі жетілдіре отырып дамайды. Соңғы он жылдықта біздің қоғамымыздың қоғамдық-саяси және экономикалық шарттары білім және тәрбие берудің парадигмасының өзгеруіне алып келді. Авторитарлық-технократиялық парадигманың орнына білім және тәрбие беру ісінде гуманды жеке тұлғаға бағытталған парадигма келді. Бұл жаңа парадигма оқушының толық тұлғалық дамуына бағытталған, оның өз бетімен оқуын дамыту, шешім қабылдай алу қабілеті, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру /1, 85/.

Соңғы жылдары еліміздегі әлеуметтік экономикалық, саяси өзгерістер түбірімен қоғамдағы қарым - қатынас сыйпатын өзгертті. Жеке тұлғаның дамуына үлкен мүмкіндіктер берілді. Елімізде болған өзгерістер білім жүйесіне де әсер етті, ал білім жүйесі мемлекеттің дамуын, өмір сүруін, қоғам мен жеке тұлға даму мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Біздің ойымызша, қазіргі заманғы білім беру саясатының өзгеруіне себепші болатын факторларды атап өтейік:

- білім берудің дәстүрлі жүйесі қоғамдағы бірқалыпты жағдайда табысты жұмыс жасады, түлектерді талап бойынша білім, дағды және іскерліктермен қамтамасыз етті, ал бұл білім бұрынғы бірқалыпты қоғамдағы жағдайда ғана іске асатын еді; қоғамдағы әлеуметтік экономикалық өзгерістерге, жаңа қоғам талаптарына сәйкес келмеді. Педагог қоғамдағы өзгерістерге шұғыл түрде дайын бола алмады;

- жаңа қоғам шарттары қатал талаппен сипатталады, өз істеген жұмысының нәтижесіне жауапкершілікпен қарауды талап етеді;

- дәстүрлі білім беруде жеке инициативаға, шығармашылыққа орын болмады, берілген тапсырманы орындаумен ғана шектелді. Білім берудің мақсаттық және мазмұндық сипаттамасы алдыңғы тәжірибеге сүйенді, яғни тарихи (саяси, экономикалық, әлеуметтік) өсиеттерге, іс әрекеттің репродуктивті түрін қалыптастыруға, бұрынғы табылған шешімдерді игеріп, қайта айтуға. Ал бұл қоғамдағы шынайы өзгерістерге қайшы келді, өзгерістерде табысты болуды қамтамасыз етпеді. Білім берудің жаңа жүйесі жеке тұлғаны дамытуға және оның мүмкіндігін барынша ашуға бағытталған.

Мектеп бітіруші іс әрекеттің түрлерін жүзеге асыра алатын қажет дағды мен іскерліктермен, білімдермен қамтамасыз етілуі керек: оқу, еңбек, эстетикалық, сонымен қатар жаңашыл құндылықтар бағыттарын және шығармашылық тәжірибесін игерген болу керек, жаңа ақпараттық технологияларды қолдана алуы керек, өз елінің ішіндегі де, сонымен қатар халықаралық деңгейдегі тұлғааралық және мәдени қарым-қатынасқа дайын болуы керек.

Осының барлығына тек қане өскелең ұрпаққа білім беру мен тәрбиелеуде жеке тұлғаға бағытталған әдісті басшылыққа алғанда ғана қол жеткізуге болады, яғни оқушы қажеттілігі, мүмкіндігі және қабілеті ескерілген жағдайда, сонымен қатар ол мұғаліммен бірге оқу ісінің белсенді субъекті болған жағдайда. Жеке тұлғаға бағытталған әдіс білім беру жүйесінің барлық компоненттеріне әсер етеді (әр пәнге оқытудағы оқу және тәрбие мақсаты, оқудың мазмұны, әдістер мен тәсілдер\ оқыту технологиясы) және барлық оқу-тәрбие үдерісіне (мұғалім мен оқушы қарым- қатынасы, оқушы мен оқыту құралы және т.б.), оқушы үшін жақсы оқу және тәрбие ортасын жасауға септігін тигізеді /2, 183/.

Балалар оқу үдерісінде өздерін жақсы, батыл және еркін сезінуі керек. Оқушылар сұрақ қоя алуы керек, өз ойын айта алуы және керек болған жағдайда кейбір пайда болған ситуацияларды талдай алуы керек. Диалог, яғни қарым- қатынас жасанды болмауы керек, қарым-қатынас кезінде, мүмкіндігінше, оқытушының қызығушылығын арттыратын, жеке тәжірибесімен байланысты ситуацияларды қолдану керек, яғни жеке тұлғаға бағыттап оқытуды жүзеге асыру керек. Әдістемеді «саналылық» принципі ресми түрде бар, бірақ практикада оқушылар саналы түрде оқу материалын игерудің орнына тақырып бойынша дайын мәтіндерді, диалогтарды және т.б. жаттап алады немесе мүлде білмейді. Жеке тұлғаға бағытталған әдіс оқыту технологияларын\ тәсілдерін таңдауға қалай әсер етеді? Бұл сұраққа арналған қазіргі уақытта көптеген қызықты басылымдар бар.

Оқушыны оқу үдерісінің ортасына қою қажеттігі, оны оқудың белсенді субъектісі ету, оның басқа оқушылармен қарым- қатынасын ұйымдастыру, оқу үдерісіне шынайы практикалық бағыт беру үшін біз оқытудың «бірлесе оқу», «жоба әдісі» сияқты технологияларын таңдаймыз.

Қазіргі уақытта оқу үдерісінде шартты коммуникативтілікпен сипатталатын сөз әрекеттері аз кездеседі, мысалы, бір мәтінді барлық оқушылардың оқып, бір біріне әңгімелеп беруі сияқты. Соңғы кездері әр түрлі мәтіндермен жұмыс жасайтын топтық жұмыстар көп кездеседі, бұл, біріншіден әр оқушының өзінің әлі келетін тапсырмаларды орындауына мүмкіндік береді, мысалы, оқу\ мәтінмен жұмыс (толық түсініп оқу): бір оқушы дауыстап оқыса, екіншісі таныс емес сөздерді көрсетсе, үшінші оқушы сөздің мағынасын сөздіктен іздесе, төртінші оқушы сөйлемді аударса және т.б. Жұмыстың бұл түрі оқушыны шынайы коммуникацияға дайындайды, яғни басқа тапсырмаларды орындаған топтармен ақпарат алмасуға мүмкіндік береді. Топтағы оқушылардың қызметі мен құрамы өзгеруі мүмкін, бірақ бұл жерде бірлескен жұмыс, оқушылардың бір- біріне көмегі жүзеге асса болды. Жұмыстың бұл түрі (жұмысты дұрыс ұйымдастырған жағдайда) оқу және коммуникативі іскерліктерді қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Жеке тұлғаға бағытталған әдісті жүзеге асыруға жоба әдістемесін қолдану көмектеседі. Бұл жерде жоба әдістемесі практикалыққа бағытталғандығын атап өту керек; жеке өзіндік жұмысты топтың жұмысымен үйлестіреді. Оқушылар өз бетімен керекті ақпаратты іздейді,

табылған ақпаратты ұйымдастырып, оны басқаларға көрсетеді. Жоба әдісі тұлға ретінде оқушының барлық жағын белсенділендіреді: оның интеллектуальді саласын, типологиялық ерекшеліктерін және мінез тұстарын: мақсаттылық, табандылық, еңбекқорлық, коммуникативті іскерлігі, сезімі, эмоциясы /3, 95/.

Жеке тұлғаға бағытталған әдіс және оның тиімді технологияларын қолдану арқылы оқушы мен мұғалім арасында ерекше қарым қатынас жасауға болады.

Егер де біз шетел тіліне оқыту үдерісі өзінің негізгі параметрлері бойынша шынайы ситуацияларға жақын болғанын қаласақ, яғни коммуникативті болғанын қаласақ, онда біз тілді практика жүзінде игеруге бағытталған шынайы тұлғааралық қарым қатынас жасауымыз керек. Бұл оқу процесін ерекше ұйымдастырылған шынайы қарым қатынас ретінде қарастыруды қажет етеді, ал бұл қарым қатынастың қызметі мұғалім мен оқушының, оқушы мен оқушының арасындағы бірлескен жұмысты қалыптастыру. Оқу үдерісі субъектердің бірлескен іс әрекеті. Жаңашыл білім берудің сапасы білімнің көлемі бойынша анықталмайды. Менің ойымша жеке тұлғаға бағытталған әдіс коммуникативтілікке бағытталумен бірге шетел тіліне оқыту үдерісінде өте жақсы нәтиже береді. Ол әсіресе дайындықтары біркелкі емес топтарда тиімді. Жеке тұлғаға бағытталған әдіс оқу үдерісіне оқудың белсенді формаларын енгізуге мүмкіндік береді, студенттердің шығармашық қабілетін дамытуға, ойлауға септігін тигізеді.

Шетел тіліне оқыту үдерісінде жеке тұлғаға бағытталған тәсілді жүзеге асыруда жобалау, ойын, зерттеу технологиялары, бірлесіп жұмыс істеу және педагогикалық қолдау технологияларын қолдануға болады деп ойлаймын. Енді осы технологияларға тоқталайын.

Жеке тұлғаға бағытталған тәсілді жүзеге асыруда бірлесіп жұмыс жасау технологиясын қолдану әр оқушының потенциалдық мүмкіндіктерін аша білуге мүмкіндік береді. Шетел тілі оқыту үдерісінде бұл технологиялар топтағы әр оқушының танымдық және ауызша әрекеттерін дамытуға қажетті мүмкіндіктерді қамтамасыз ете алады. Бірлесе жұмыс жасау негізінде оқыту, шағын топтарда оқыту педагогикасында ізгілік бағытындағы технологияларға жатқызылады. Бұл технологиялардың негізгі идеясы-бірлескен белсенді оқу әрекетінің әр түрлі оқу жағдайындағы оқушыларға жағдай жасау. Оқушылар әр түрлі, біреулер мұғалім айтқанын тез ұғып, лексикалық материалды жеңіл, коммуникативтік біліктілікті тез меңгерсе, басқаларына түсіну үшін көп уақыт қана емес, сонымен қатар қосымша мысалдар, түсіндірулер қажет.

Ал ойын әдісіне сүйену бұл ізденудің жиі кездесетін маңызды кезеңі. Ойын дүниетанымының түрі ретінде көптеген зерттеулер, оның шет тілін үйретуде тиімділігін көрсетті. Оқушыларда танымдық қызығушылықтың болуы олардың сабақта белсенділігін, білім сапасы, оқудың ұнамды қалыптасуы, белсенді өмір ұстанымының өсуіне әсерін тигізеді.

Жеке тұлғаға бағытталған технологияларды жүзеге асырудағы ең нәтижелі тәсіл деп біз интегративті жеке тұлғаға бағытталған технологияларды айтамыз, «алдыңғы қатарлы» жобалау болып табылады.

Оқушыны оқу процесіне тікелей араластыру қажеттілігі, оны оқу ісінде белсенді субъект жасау, оның басқа оқушылармен бірлесе жұмыс істеуін ұйымдастыру, оқу процесіне шынайы практикалық бағыт беру- оқыту технологиясының бұл әдісін, яғни «жобалау әдісін» мұғалімдер соңғы кездері шетел тілдері сабақтарында жиі қолданады жиі қолданады.

Жобалау әдісі практикаға бағытталған, оқушының өз бетімен жасаған жұмысын топтың және коллективтің жұмысымен ұштастыру мүмкіндігін

береді, оқушылардың қажетті ақпаратты өз бетінше іздеуіне түрткі болады, табылған ақпаратты дұрыс ұйымдастырып, оны басқаларға таныстыру үшін шығармашылық фантазияның дамуын талап етеді /4, 195/.

Көптеген ғалымдардың ойынша, жеке тұлғаға бағытталған тәсіл негізінде тиімді технологияларды қолдану балаларды шетел тіліне оқыту тиімділігін арттырудың негізі болып табылады. Жеке тұлғаға бағытталған оқу үдерісін құрудың методологиялық негізі таным үдерісінде субъект және объект қарым қатынасын, шынайылық критерийлері, адамның дүниені

тану мүмкіндігін зерттейтін таным теориясы болып табылады. Педагогика саласындағы қазіргі заманғы зерттеулер деңгейі оқушыны тұлға ретінде дамытуға бағытталған шетел тілі мұғалімінің білім беру саласында жеке тұлғаға бағытталған моделін құруға мүмкіндік береді.

Оқу үдерісін субъект негізіне, жеке тұлғаны дамытуға, оқу үдерісін баланың мүмкіндігіне және қажеттілігіне қарай құру педагогтарда жеке тұлғаға бағытталған білімді жүзеге асыруды қамтамасыз ететін технологияларға ерекше көңіл бөлу қажеттілігін тудырды. Білім беру технологиясы деп біз ғылыми негізделген, мазмұны мен мақсаты дұрыс көрсетілген білім беру моделін әр оқушының қабілетін, мүмкіндіктерін және қызығушылықтарын ескере отырып, оқу үдерісін жобалау, ұйымдастыру және жүзеге асыру бойынша педагогикалық тиімділікті қамтамасыз ететін оқушының оқу- танымдық іс әрекеті мен мұғалімнің бірлескен іс әрекетін айтамыз.

Білім беру технологиялары саласындағы анализдеу, қорытындылау және жүйелеу білім беру технологияларының келесі белгілерін анықтауға мүмкіндік берді: («технологиялық критерийлері»): концептуальділік, оптимальділік, жобалылық, диагностикалық, келісушілік, біртұтастық, басқарушылық, тексерілетін, тиімділік, мәденилік, визуализациялау.

Қазіргі заманғы білім берудегі практиканы талдау, анализдеу қазіргі заманғы мұғалімді теория негізінде дайындау мен практика жүзінде технологияларды меңгеру арасында айырмашылықтар бар деген шешімге әкелді. Жұмыста мұғалімнің білім беру технологияларын практика жүзеге асыру мен оның теориялық дайындығының төрт деңгейі суреттелген: жоғары, биік, орта және төмен /5, 29/.

Оқытудағы технологиялық тәсілдің теориялық негіздері келесі компоненттерден тұратын білім беру технологияларының жалпы дидактикалық моделі түрінде берілген: белгілері, структурасы, саласы және білім беру технологияларының жұмыс жасау деңгейі, мұғалімдердің білім беру технологияларын меңгеру деңгейі (теориялық компетенттілік деңгейі мен практикада жүзеге асыру деңгейі).

Шетел тілі мұғалімінің жеке тұлғаға бағытталған білім беру технологияларын теориялық және практикалық деңгейде таңдауы және меңгеруі бірнеше этаптарда орындалады: қазіргі заманғы білім беру технологиялары саласында жалпы компетенттілікті қалыптастыру; мұғалімнің таңдаған жеке тұлғаға бағытталған технологиясының теориялық негіздерін терең оқу; осы негізде әдістемелік разработкалар мен басқа да мұғалімдердің осы технологияларды жүзеге асыру тәжірибесін оқу; осы технология негізінде өз жеке сабақтарының әдістемелік разработкасын жасау, оқу курсы мазмұнында сынап көру, педагогикалық іс әрекетінде, оқушылардың жас ерекшелік және жеке ерекшеліктерінде; технологиялардың экспериментальді апробациясы, оның педагогикалық тиімділігін өлшеу, және түзету енгізу, технологияларды практикада меңгеру «Жеке тұлғаға бағыттап білім беру үдерісінде технологиялардың барлық топтарының қолданылуы», оларды белгілі бір оқушы мен белгілі бір мұғалімге бағыттауының қажетті шарты субъектілеу болып табылады – технологиялардың теориялық және ғылыми әдістемелік негіздерін мұғалімнің игеру үдерісі, оның разработкасы, сыналуды және практикада түзетілуі. Білім технологияларының субъективизациясы, оның табыстылығы оның субъективті және объективті факторларына байланысты .

Жеке тұлғаға бағытталған технологияларды жүзеге асырудағы ең нәтижелі тәсіл деп біз интегративті жеке тұлғаға бағытталған технологияларды айтамыз, «алдыңғы қатарлы» болып жобалау, ойын, зерттеу технологиялары, ал «қамтамасыз ететін» – диалогтық – талдау, бірлесіп жұмыс істеу және педагогикалық қолдау /6, 135/.

Интегративті жеке тұлғаға бағытталған білім беру технологияларының педагогикалық тиімділігі технологияның жүзеге асу нәтижелерінің «білімнің адамды дамыту қызметінің» орындалуына бағытталған, күтілген мақсаттарына сәйкес келу деңгейін көрсетеді (Е.В. Бондаревская): гуманитарлық, мәдени, әлеуметтік и жеке тұлғаның ерекшелігі.

Жеке тұлғаға бағытталған білім беру технологияларының педагогикалық тиімділікке қол жеткізуінің маңызды шарты оның оптимизациясы – жеке тұлғаға бағытталған білім берудің мақсаттарын анықтаудың интегративті тәсілі, оның әр оқушының жеке ерекшелігімен жә-

не сыныптағы жас ерекшеліктерімен сәйкестігі, көлемі, теориялық тереңдігі және мазмұнның практикалық бағыттылығының оптимальді таңдалуы, мақсат пен мазмұнының дидактикалық және әдістемелік қамтамасыз етілуі.

Қорыта келе айтарым, жеке тұлғаға бағыттап оқыту білім беру жүйесінде маңызды рөл атқарады деп ұйғаруға болады. Қазіргі заманғы білім беру жүйесі адамды жеке тұлға ретінде дамытуға, оның мүмкіндіктерін, талантын ашуға бағытталу керек. Оқушының тұлға ретінде дамуы нормативті іс әрекеттерді игеруімен ғана жүзеге аспайды, оқудың негізгі нәтижесі сәйкес игерілген білім мен іскерліктердің негізінде оқушының танымдық қабілетін қалыптастыру болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Роджерс К. Взгляд на психотерапию. Становление человека. – М., 1994.
- 2 Амонашвили Ш.А. Размышления о гуманной педагогике. – М., 2001.
- 3 Якиманская И.С. Личностно-ориентированное обучение в современной школе. – М., 1996.
- 4 Богоявленская Д.Б. Творческая личность: ее диагностика и поддержка // Психологическая служба вуза: принципы, опыт работы. – М., 1993.
- 5 Якиманская И.С. Личностно-ориентированное обучение в современной школе. – М.: Сентябрь, 1999. – 96 б.
6. Алексеев Н.А. Личностно-ориентированное обучение в школе – Ростов-на-Дону: Феникс, 2006. – 332 б.

КОММУНИКАТИВНАЯ ГРАММАТИКА КАК ВАЖНЕЙШАЯ СОСТАВЛЯЮЩАЯ ИНОЯЗЫЧНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ

Бурмагина Л.А.,

Костанайский государственный педагогический институт, Казахстан

В последнее время, когда политические, экономические и социальные условия жизни диктуют приоритеты использования иностранного языка как средства общения, становится все более актуальным поиск новых путей преподавания иностранного языка в вузах. Чтобы соответствовать государственным требованиям, выдвигаемым к содержанию и уровню подготовки выпускников высших учебных заведений, необходимо практически свободно владеть устной и письменной иноязычной речью.

В современной методике проблеме обучения иностранному языку в целях общения, в том числе и иноязычного профессионально ориентированного (ИПО) общения, уделяется достаточно много внимания. Многие исследования посвящены вопросам обучения ИПО общению в контексте устно-речевой коммуникативной деятельности /Алексеева, 1999; Астрова, 2001; Елизарова, 2001; Еремин, 2001; Макарова, 2003; Мильруд, 1997; Мирзоян, 1985; Хитрик, 2001/. Однако проблеме обучения коммуникативной грамматике в системе преподавания иностранного языка уделялось недостаточное внимание. Формирование грамматической компетенции, необходимой для осуществления будущей профессиональной коммуникативной деятельности, можно отнести к наиболее актуальным задачам, поскольку уровень подготовки студентов педагогического вуза должен быть достаточно высоким, чтобы обеспечить им в дальнейшем возможность лингвистически грамотного профессионального взаимодействия. Предпосылки для формирования методических основ обучения коммуникативной грамматике разрабатывались зарубежными и отечественными методистами в рамках коммуникативного подхода в обучении иностранному языку / Shells, 1993; Widdowson, 1990; Болдырев, 1988; Воловик, 1988; Еремин, 2001; Мильруд, 2000; Пассов, 1991/. Коммуникативный подход предполагает погружение студента в языковой процесс, а коммуникативные задания обеспечивают более естественную среду для овладения иностранным языком, и формирование грамматической компетенции становится неотъемлемой составляющей формирования у студентов коммуникативной компетенции в целом, что отмечается рядом зарубеж-